

**Оқылым**

**10-сынып**

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Сусыз тіршілік жоқ. Тамақсыз бірнеше күн өмір сүруге болады. Ал сусыз сонша уақыт өмір сүру мүмкін емес. Жер бетінің үштен бірі құрлық. Ал үштен екісін су алып жатыр. Мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдерде, жер астында, топырақта да су бар. Мұздықтар да қатып қалған су болып табылады. Су атмосферада бұлт, тұман, бу, жаңбыр, қар түрінде болады. Су сұйық, қатты және газ тәрізді үш түрінде кездеседі. Судың көптеген заттарды оңай еритетін қасиеті бар. Табиғатта қоспасы жоқ таза су кездеспейді. Таза суды тек зертханадан ғана алуға болады. Ондай судың ешбір дәмі жоқ. Теңіз суының құрамында еріген тұздар бар. Сондықтан оны ішуге болмайды.

**1. Сөйлемді толықтырыңыз. Жердің үштен бір бөлігі ... , үштен екісі ... болып табылады.**

- A) су, жер
- B) құрлық, су
- C) мұхит, су
- D) су, құрлық

**2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты анықтаңыз.**

- A) Теңіз суын ішуге болмайды.
- B) Таза суда мүлдем дәм болмайды.
- C) Топырақтың құрамында су болады.
- D) Адам тамақтанбай бір күн де өткізе алмайды.

**3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді белгілеңіз.**

- A) құрлық, тұз, су
- B) табиғат, су, теңіз
- C) су, тіршілік, өмір
- D) көл, су, атмосфера

**4. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Адам теңіз суымен қоректенеді.
- B) Суда затты еріткіштік қасиет бар.
- C) Сусыз біраз күн жүруге болады.
- D) Құрлық судан гөрі кең жерді алып жатыр.

**5. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

- A) Атмосфераның құрамы қандай?
- B) Адам неге сусыз өмір сүре алмайды?
- C) Су табиғатта қандай түрінде кездеседі?
- D) Сусыз қанша уақыт өмір сүруге болады?

**6. Мәтінге сай мақалды табыңыз.**

- A) Судың да сұрауы бар.
- B) Сыйласқанның суын іш.
- C) Тау мен тасты су бұзады, Азаматты сөз бұзады
- D) Ақылы аздың — ашуы көп.

**7. Көп нүктенің орнына керек сөзді қойыңыз. Теңіз суының құрамында ... бар.**

- A) қатқан тастар
- B) еріген жұлдыздар
- C) еріген темір

D) еріген тұздар

**8. Зертханадан алынған таза ...**

A) су дәмді

B) судың дәмі жоқ

C) су ащы

D) су тәтті

**9. Мәтін бойынша, судың қандай қасиеті бар?**

A) көптеген заттарды қатыратын

B) көптеген заттардың түсін өзгертетін

C) көптеген заттарды ерітетін

D) көптеген заттарды бұзатын

**10. Мәтінге қандай ат қоюға болады?**

**2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Біз бесінші сыныпты бастаған жылы жағрапия пәнінен мектеп директорының тәртіп жөніндегі орынбасары сабақ беретінін естіп қорқып қалдық. Өйткені біздің сынып оқушылары үшін «тәртіп» деген сөз онша ұнамайтын. Сыныпта бар болғаны төрт-ақ ұл. Бірақ тәртіп бұзатын ұлдар емес, қалған он алты қыз еді. Қыздар көп болғандықтан да, ұлдар тыныш жүретін, ал қыздар ұлдар сияқты небір ойға келмейтін оқиғалар ойлап табатын. Біз аз уақыттың ішінде осындай еркіндіктен айырылып қаламыз деп ойламаған едік.

Зағипа апай «тәртіп» деген жалғамасы болса да қатал емес екен. Сабақта ұрыспақ түгілі дауыс көтермейді де. Бірақ ол кісінің жәй айтқан әрбір сөзі біздің жүрегімізде қалды.

«Жағрапия – ең бірінші картамен жұмыс істей білу. Сендер ер жеткен кездерінде әлемге жол ашылады, еш кедергісіз жер шарының түкпір-түкпіріне баратын боласыңдар. Сол кездерде әрине мені ұмытарсыңдар, бірақ әрбір елдің жағрапиялық жағдайын, табиғи ерекшеліктерін, тіпті астанасы мен қала аттарын, өзен-көлдерін біліп тұрсаңдар, менің еңбегімнің босқа кетпегені» деп жиі айтатын. Ол кез-келген уақытта, кез-келген сұрағымызға қуана да сүйсіне жауап беретін. Жағрапия оқулығы аз уақыттың ішінде біздің бас көтермей оқитын пәнімізге айналды. Зағипа апайдың жағрапиясы біздің басқа пәндерді де қызыға оқуымызға септігін тигізді.

(«Мұғалім», Гүлзат Шойбекова)

**Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:**

**1. Мәтін тақырыбы ... туралы.**

A) жағрапия (география) пәні

B) мұғалім

C) тәртіп

D) оқушылар

**2. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз.**

Жағрапия оқулығы аз уақыттың ішінде біздің бас көтермей оқитын пәнімізге айналды.

A) жақсы

B) сүйікті

C) қиын

D) керекті

**3. Асты сызылған сөзге сәйкесін табыңыз. Зағипа апайдың жағрапиясы біздің басқа пәндерді де қызыға оқуымызға септігін тигізді.**

A) жақсылығын

- B) көмегін
- C) мақсатын
- D) жақсы жағын

**4. Әңгіменің қорытындысы бойынша оқушылар**

- A) жағрапия пәнін оқымады
- B) жағрапия пәнін жақсы көріп кетті
- C) жағрапия қызықты пән деді
- D) жағрапия керек деді

**5. Оқушылар қандай сөзден қорықты?**

- A) жағрапия
- B) тәртіп
- C) орынбасар
- D) директор

**6. Мәтін бойынша сөйлемді толықтырыңыздар: Ер жеткен кездерінде...**

- A) отбасын құрасыздар
- B) карта сатып аласыздар
- C) әлемге жолдарың ашылады
- D) директор боласыздар

**7. Жағрапия мұғалімі неліктен оқушыларға ұнады?**

- A) жағрапия мұғалімі өз пәнін жақсы көрді
- B) жағрапия мұғалімі қатал тәртіп сақтады
- C) жағрапия мұғалімі тапсырма берген жоқ
- D) жағрапия мұғалімі директор болып, сабақ өткізбеді

**8. Мәтіндегі басты тірек сөздерді көрсетіңіздер.**

- A) жағрапия, тәртіп, орынбасар, директор
- B) жағрапия мұғалімі, әрбір сөзі жүрегімізде, бас көтермей оқитын пән
- C) орынбасар, тәртіп, әлемге жол ашу, бәрін ұмыту
- D) директор, қорқып қалдық, қатал емес, жер шары

**9. Жағрапия мұғалімінің мінезі қай сөйлемде көрсетілген?**

- A) Ұлдар тыныш жүретін.
- B) Ұрыспақ түгілі дауыс көтермейді.
- C) Әлемге жол ашты.
- D) Директордың орынбасары болды.

**10. Мәтінде қай сұрақтың жауабы жоқ?**

- A) Оқушылар қандай сөзден қорықты?
- B) Оқушылардың есінде не қалды?
- C) Жағрапия мұғалімінің балалары болды ма?
- D) Жағрапия мұғалімі Директордың қандай орынбасары еді?